





Сапва сервисін қолдану бойынша нұсқаулық

Canva Онлайн платформасы пайдаланушыларға дайын шаблондар негізінде өз дизайнын жасауды ұсынады. Бұл кең профильдегі қосымша кез-келген сандық және баспа өнімдерін жасауға мүмкіндік береді.


Тіркелу


Canva сервисіне өту екі жолмен жүзеге асырылады:


1. Мына сілтемені <https://www.canva.com> шерту арқылы немесе көшіріп өз браузеріне қою арқылы кіре аласыз.
2. QR кодпен



< Аккаунтыңызға кіріңіз

 Google арқылы кіру

 Facebook арқылы кіру

 Apple аккаунтымен кіру


НЕМЕСЕ

Электрондық пошта/Ұялы телефон

Электрондық пошта мекенжайы немесе ұя

Құпиясөз

.....

 Кіру

Canva сервисінде есептік жазба жасау үшін электрондық пошта немесе ұялы телефон нөмірі пайдаланылады, сондай-ақ "Facebook" немесе "Google", "Apple" және т. б. аккаунттары арқылы тіркелуге болады.

Авторизациялау

Подтвердите адрес электронной почты

Спасибо, что присоединились к Canva!

Чтобы отправлять вам важную информацию и обновления, нам нужно проверить, правильно ли указан ваш адрес электронной почты.

Подтвердить адрес электронной почты


Есептік жазбаны жасағаннан кейін тіркеу сілтемесі бар хат автоматты түрде пайдаланушы профилінде көрсетілген электрондық поштаға жіберіледі. Бұл хатта «электрондық пошта мекенжайын растау» батырмасын басыңыз.

Дайын шаблондармен жұмыс

Canva сервисінде экранның жоғарғы жағында әртүрлі тапсырмалар үшін дайын шаблондар бар:


- Әлеуметтік желілер → Instagram парақшасы, Facebook парақшасы
- Жеке → шақыру қағаздары, ашық хаттар, түйіндемелер, хабарландырулар
- Бизнес → презентациялар, логотиптер, визиткалар
- Маркетинг → плакаттар, буклеттер, парақшалар
- Білім → дипломдар, грамоталар, сертификаттар
- Трендтер → Zoom фоны, менталды карталар, жарнамалар.

Басты бет Үлгілері Табу ? ⚙ Дизайн жасау




Әлеуметтік желілер >	Жеке >	Бизнес >	Маркетинг >	Білім >	Танымал >
>	Шақырулар	Презентациялар	Плакаттар	Сабәқ жоспары	Ұлғайтылған вирту...
Instagram хикаясы	Карталар	Веб-сайт	Флайерлер	Жұмыс кестесі	Концепт жоспары
Instagram жариялан...	Түйіндеме-р	Логот-р	Инфографика	Сертификаттар	Байлан. диагр.
Facebook жазбасы	Ашықхаттар	Визиткалар	Брошюралар	Кадрлар топтамасы	Құттықтау ашықхаты
Facebook мұқабалары	Жоспарлағыш	Шот-фактуралар	Жаңалық жаршылары	Бетбелгі	Әкелер күні ашықха...
Twitter жарияланымы	Футболкалар	Ұсыныстар	Мәзірлер	Класс сертификаты	Bingo Instagram хик...
Pinterest пиндері	Бәрін көру >	Бәрін көру >	Бәрін көру >	Бәрін көру >	Бәрін көру >
Бәрін көру >					


Сіз "дизайн дайындау" батырмасын пайдаланып жеке шаблон жасай аласыз немесе іздеу жолағынан іздей аласыз.




Үлгілерді өзгерту




Дайын үлгілерді таңдағаннан кейін кез-келген элементтерді өзгертуге болады. Мысалы, сурет, фон, элементтер қосу, мәтін қаріпін өзгерту секілді.





Басқа фотосуретті таңдау үшін «**Фотосурет**» бөліміне өтіп, қажетті суретті шертіңіз.




Сондай-ақ, суретті, бейнені немесе аудионы қосуға болады. Ол үшін "**Жүктеулер**" бөліміне өтіңіз. Instagram, Facebook немесе Google Drive болуы мүмкін құрылғыны немесе бұлтты сақтауды, сақтау жолын таңдаңыз. Барлық материалдар оларды жойғанға дейін "фотосуреттер" немесе "бейнелер" бөлімінде қол жетімді болады.




Canva-да мөлдірлікті реттеу функциясы бар. Ол үшін өзгертіңіз келетін нысанды нұқыңыз → жоғарғы оң жақ бұрыштағы «Мөлдірлік»  белгішесін нұқыңыз → жүгірткі арқылы мөлдірлік деңгейін реттеңіз.





Мәтінді өңдеу үшін жазуды нұқыңыз. Сол жақ панельдегі «Мәтін» қойындысын ашыңыз → мәтін жазыңыз → мәтін жақтауын созу немесе қысу арқылы өлшемді реттеңіз → жоғарғы панельдегі қаріп пен түсті таңдау мүмкіндігі бар.




Презентацияға **сәндік элементтерді** қосу үшін сол жақтағы панельде әртүрлі «элементтердің» үлкен таңдауы бар, яғни пішіндер, жақтаулар, сызықтар, градиенттермен диаграммаларға кең ауқымды таңдау бар. Оларды тақырыптық жинақтардан немесе іздеу қатарына жазу арқылы таба аласыздар. Керек элементті бір шертсеңіз, ол құжат бетіне түседі.



Фотосуретті кесу үшін, панельдің жоғарғы жағындағы **"Қию"** функциясын қолданыңыз. Суреттің жиектерін жылжытып, **"Дайын"** түймесін басыңыз.






Дизайнмен бөлісу


Google құжаттарындағыдай бірнеше пайдаланушылар үшін бір жобада бірге жұмыс істеуге болады. Ол үшін дизайнның үстіндегі **"Бөлісу"** түймесін басыңыз:

- басқа пайдаланушының электрондық пошта мекенжайын қойыңыз
- өңдеу сілтемесін көшіріп, Telegram, WhatsApp, Viber мессенджерлері арқылы жіберіңіз.



Кез-келген басқа қызмет сияқты, Canva сервисіне қол жетімділіктің 2 түрі бар

1. «КӘС.»



«КӘС.» белгісін көрсеңіз, жүктеу үшін ақы төлеу керек


2. «ТЕГІН»




«ТЕГІН» белгісі, сіз тек қолданып қана қоймай, шаблондарды толығымен жүктей аласыз

Сақтау жолы


Презентацияны сақтау үшін бірнеше формат ұсынылған: PPT, PDF, GIF, JPG, MP4 бейнесі және CIF




Сондай-ақ, презентацияны онлайн түрде жариялауға болады, ол сілтеме бойынша қолжетімді болады.



Егер болашақта кенеттен жасалынған құжатыңызға түзетулер енгізу қажет болса, мұны барлық жұмысыңыз сақталатын **"Барлық қалталарыңыз"** бөліміндегі қызметтің басты беті арқылы жасауға болады.




Егер сіз жасалған жұмысты жойғыңыз келсе, оны **«Қоқысқа тастауға»** болады.



ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Қашықтан білім беру технологиялары бөлімі	12-ші беттің 12 беті
Canva сервисін қолдану бойынша нұсқаулық	

Жойылған барлық шаблондарыңызды «Қоқыс себеті» бөліміндегі «Қалпына келтіру» немесе "Түпкілікті жою" функцияларын қолдана аласыз.



Шығу

Сайттан шығу үшін жоғарғы оң жақ панельде Аккаунт батырмасы (аватармен бірге) орналасқан тетікті басып, "шығу" түймесін таңдаңыз.

